



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

определенной сферы деятельности.

И так, в этой проблеме можно выделить два направления совершенствования качества машинного перевода: программное и техническое. Программное направление имеет целью совершенствование SOFT-обеспечения, то есть самого алгоритма программы, создание механизма системы, самообучения; техническое - расширение базы словарей, устойчивых словосочетаний и оборотов, а также дифференциацию переводчиков по различной тематике, реализацию различных принципов отбора слов (статистического, тематического, контекстного) [8,2].

Как видно из всего сказанного выше, практические проблемы, возникающие при применении автоматического оборудования для перевода с одного языка на другой разнообразны и сложны. Однако это ни в какой мере не должно снижать интереса к развитию данной области техники. Прогресс не стоит на месте, и с увеличением быстродействия процессоров и ростом объема оперативной памяти постепенно повышается и качество машинного перевода. Конечная цель - создать такую машину, которая давала бы достаточно правильный перевод, не нуждающийся в последующем редактировании. А пока еще машинный перевод нуждается в обязательном редактировании.

Несомненно, средства машинного перевода никогда не смогут улавливать все смысловые нюансы оригинального текста. Различия в синтаксисе и семантике, особенно между западными и восточными языками, – скажем английским и китайским - слишком велики для этого. Даже сторонники машинного перевода признают, что он способен в лучшем случае передать основную суть документа.

Но нельзя забывать, что ошибки часто случаются и у обычных переводчиков, и наивно ожидать от системы машинного перевода, что она способна исправить ошибки оригинала и выдаст грамотный перевод. Безусловно, тезис о том, что мозг человека совершенней компьютера, не требует никаких доказательств.

Эта статья еще раз подтверждает востребованность профессионалов в сфере лингвистики. Переводчики всегда будут востребованными, несмотря на развитие технологий.

Список использованных источников:

1. Марчук Ю.Н. Компьютерная лингвистика. М., Восток-Запад, 2007, 319 стр.
2. Васильев А. (Компьютер на месте переводчика). // Подводная лодка. – 1998, № 6, 4стр
3. Моуд Д. Машинный перевод: новое поколение технологий 1998, 6стр
4. Маджед.М.М.Технологии преобразования текста в системах машинного перевода,2011, 205стр.
5. Орел М.А. Стоп машина! Журнал «Мосты», М. № 4 (24)/2009, стр.8.
6. Угаров. П Редактирование машинного перевода (газетная статья) стр.5
7. Зелинский С. Английский бы выучил только за то ... //СНПР. Компьютерный журнал. -1997. - № 11.-С. 126.
8. .В.В Алюшин, Р.Ю.Блинов. Некоторые аспекты машинного перевода, стр.59
9. Скороходько Э.Ф. Вопросы перевода английской технической литературы. – К.: изд-во Киевского Университета, 1963.стр.91.

УДК 347.78.034

АУДАРМАДАҒЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАР

Калешова Мейргуль Мырзалыкызы

meirgul_aktobe@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті,
АІ-41 тобының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С. К. Сәтенова

Ағылшын және қазақ тілдері аналитикалық және синтетикалық типке жататыны белгілі. Осы атаулардың өзі айтып тұрғандай екі тілдің құрылымы әр түрлі ғана емес, кейде қарама-қарсы болып келеді. Сөйлем бір мазмұнға байланысты болғандықтан бұл қарама-қайшылық тек формалды деп айтуымызға болады. Жаңа тілді үйрену дегеніміз осы формалды, спецификалық және сапалы ақпаратты еркін меңгеруді білдіреді. Сондықтан бір тілді білетін адамға тілдік жүйенің негізгі айырмашылықтарын білу арқылы қарама-қарсы жүйелі тілді үйрену үлкен қиындыққа соғатыны белгілі.

Жалпы алғанда аналитикалық ойлау логикасы басым тілдердің грамматикалық құрылымы анығырақ және сөйлем мүшелері ажыратылып келеді, ал синтетикалық тілдерде бұл логика сөйлемдегі ішкі қатынас ретінде, яғни сөздердің өзара ішкі байланысы арқылы беріледі. Тілді логика ойлауымен байланыстырғанда біз олардың байланысын және тұтастығын, басқаша айтқанда синтаксисін қарастырамыз. Аналитикалық тілдерде сөйлемдер белгілі бір тура сөйлем тәртібі бойынша құрылады. Ағылшын тілінде осындай тәртіптің бұзылуы айқын стилистикалық құрал секілді ерекше көрініс береді. Бұл жерде біз логикалық ойлау аналитикалық тілдердің грамматикалық формасында көрініс табатынын байқаймыз, себебі сөздердің тура тәртібі логикалық компоненттер тәртібімен сай келеді (субъект - предикат - объект).

Логика бойынша ойдың басында сөз болып жатқан зат (субъект) болады; сондықтан сөйлем бір субъекттен тұруы мүмкін. Содан кейін оның сапасы, жағдайы немесе қимылы жүреді (предикат). Сосын егер қимыл белгілі бір затқа бағытталса, сол затқа нұсқау жүреді (объект). Толықтауыш сөйлемде болмауы мүмкін, ал болған жағдайда оның бастауыш және баяндауыштан кейін қолданылатыны оның логикалық тәртібін көрсетеді. Осы негізгі үш құрамдастан кейін болып жатқан іс-қимылдың шартын білдіретін пысықтауыш болып табылады. Құрамдастардың әрбіреуі бөлек анықталуы мүмкін. Міне, сондықтан анықтама жалпы сөйлем мүшелерінің логикалық тәртібінен алынады және олардың кез-келгеніне жатқызылыады. Ағылшын тілінің сөйлемдерінде дәл осындай құрылым бекітілген. Біз бұл орайда логиканың грамматикалық форма арқылы берілгенін көре аламыз. Синтактикалық құрылымның еркіндігі арқасында синтетикалық тілдерде айқындалмайтын ішкі логикалық ой аналитикалық тілдерде, соның ішінде ағылшын тілінде, ішкі грамматикалық ережеге айналды.

Аударманың грамматикалық қиындығы әрбір тілдің грамматикалық құбылысы әркелкі болып келетінінде. Аудармашының негізгі мақсаты – түпнұсқаның грамматикалық формасын беру емес, автордың негізгі ойын жеткізу. Тек бөлек түпнұсқаның грамматикалық ерекшеліктері стилистикалық рөлге ие болғанда ғана оны жеткізу аударманың тапсырмасына айналады. Әдетте бұл – сипаттың тікелей берілуі емес, олардың қызметтерін жаңғырту.

Тілдің спецификалық грамматикалық құбылысы аударма барысында негізгі назар нысанына айналу керек деп есептелінеді. Сол грамматикалық құбылыстарды беру кезінде жеткізудің белгілі бір біркелкі тәсілдері болғанымен, толық әрі жалпы стандарт болу мүмкін емес.

Сәйкестіліктің жоқтығынан формалды-грамматикалық қатынасқа байланысты аудармадағы нақтылық мүмкін емес. Көп жағдайда ол сөзтіркес нормасына және сол тілдің әдеби нормасына сай емес болып табылады. Ал, кейбір жағдайларда аударма грамматика жағынан стилистикалық мүмкін емес болады. Сондықтан ең нақты аудармаға да грамматикалық категорияның өзгеруі, орын тәртібінің өзгеруі немесе бірнеше сөзтіркестерді қосу тән, ал грамматикалық нақтылықтан ауытқу заңды және қалыптыға айналып кетті.

Түпнұсқа тілі мен аударма тілі арасында грамматикалық ауытқудың 3 негізгі жағдайы бар:

Бірінші жағдай – түпнұсқа тілінде аударма тіліне формальды грамматикалық тән емес элементтердің болуы. Бұл жағдайға ағылшын тіліндегі белгісіздік есімдігі мен артикльдерді аударуды келтіруге болады.

Екінші жағдай – түпнұсқа тілінде аударма тіліне мүлдем тән емес элементтердің болуы. Ондай элементтердің болмауы мүмкін емес. Осындай ерекшеліктердің болуы аудармашыға біршама жағымды мүмкіндіктер береді – ол түпнұсқа тілдің спецификалық элементтерінің мағыналық қызметін беруде үлкен мәнге ие қосымша тәсілдерді қолдана алады. Бұл жағдайға қазақ тіліне тән қосымшалардың түрлілігін, шырайлардың ерекшеліктерін және шақтарды жатқызуға болады.

Үшінші жағдай- түпнұсқа тілі мен аударма тілі арасындағы қызметі әр түрлі грамматикалық элементтердің толық сәйкестігі. Бұл жағдай аудармашының мұқияттылығын қажет етеді. Бұл мәселені дұрыс шешу үшін аудармашы аударма тілінде мағынасы және стилистикалық ерекшелігі жағынан түпнұсқа мәтініндегідей бірдей қызмет атқаратын, бірақ түпнұсқадағы элементтен ерекшелеу сәйкестікті табуы керек.

Ағылшын тілінен аударма барысында күрделі мәтіндерді грамматикалық және лексикалық құбылыстарға бөлу шартты болып келеді, себебі ағылшын тілінен аударуда грамматикалық форма мен құрылымды беру олардың лексикалық толықтығына байланысты. Бірдей грамматикалық құбылысты нақты бір лексикалық сөйлем бірнеше тәсіл арқылы аударылуы мүмкін. Дегенмен, қатынастың жалпы нақты заңдылықтары және түпнұсқа мен аударма арасында грамматикалық форма мен тілдің құрылымының сәйкестілік белгілері бар. Сондықтан түпнұсқаның грамматикалық құбылысының аудармасын беру аудармашының қандай мүмкіндіктерге ие болатынын айқын түсіну үшін осындай қатыстылықтың жан-жақты сипатын беру аса қажет болып отыр.

Ағылшын тілінен адекватты аударудың басты шарттары - шет тіл сөйлемдерінің грамматикалық құрылысын дұрыс саралау, аударманың грамматикалық қиындықтарын толық анықтау және ағылшын тілінен аударма барысындағы сөйлемдерді аударманың жанры мен тіл нормаларына сай құру. Аудармашының түпнұсқа тілі мен аударма тілінің грамматикалық ерекшеліктерімен, аударма теория негіздерімен және аударма трансформацияларымен, грамматика және лексика саласындағы аударма сәйкестіктерімен, әр түрлі тілдік құбылыстардың аудару тәсілдерімен жете таныс болуы керек екені белгілі. Осының барлығы айтылып өткен міндеттерден де көп болып табылатын аудармашының жалпы құзыреттілігін құрайды. Аударма барысында сөйлемнің мазмұнын, сөйлемдер арасындағы мағыналық түсіністікті және мәтінді құру барысында қатысатын метамәтіндік элементтерді түсіну маңызды. Ағылшын тілінен аудару барысында ең басты грамматикалық мәселелер сөйлемнің морфологиялық және синтаксистік құрылымымен тығыз байланысты.

Барлығымызға белгілі, ағылшын және қазақ тілдері тілдің басқа тармақтарына ғана емес, оның түрлі құрылымдық түріне жатады: біріншісі – грамматикалық қатынастар еркін грамматикалық морфемалармен берілетін аналитикалық тіл, екіншісі –грамматикалық мағынасы мен қатынасы бір сөздегі грамматикалық морфема арқылы берілетін аглютинативті тіл. Грамматикалық категория мен құрылымды сөйлем құру тәртібіндегі келіспеушіліктер ағылшын тілінен аудару кезіндегі грамматикалық қиындықтардың үлкен бір тобын құрайды. Қазақ тілінде артикльдер, герундий және Perfect шағы, бастауыш пен толықтауыштың күрделі инфинитивті құрылымы, ал ағылшын тілінде әр түрлі күрделі қосымшалардың, есімше мен көсемшенің болмауы әсерін тигізеді. Нақты айырмашылықтар сөйлемдердің құрылу тәртібінде байқалады: баяндауыш сөйлемнің соңында келетін қазақ тілімен салыстырғанда ағылшын тілінде бастауыш пен баяндауыш нақты бірінен соң бірі тәртіппен жүреді. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару барысында осы мәселелердің барлығын ескеру қажет.

Біріншіден, артикль мәселесіне тоқтауға болады, себебі белгілі және белгісіз артикльдер аударма барысында мағынасын жеткізуді қажет етеді. Екі артикль де есімдіктен туындады: белгілі артикль сілтеу есімдігінен, ал белгісіз артикль «бір» сан есімін білдіретін белгісіз есімдігінен негіз алды. Сөйлем мазмұнының ажырамас бөлігі болып табылатын артикльді аудару маңызды болып табылады. Бұл айтылғандар келесі мысалда айқын көрсетілген:

Yet H. G. (Wells) had not an enemy on earth. (G. B. Shaw) Дегенмен, Герберттің әлемде

бірде-бір жауы болмады.

He is a Kennedy. Ол Кеннеди отбасысынан.

He was introduced to a Mr Black. Оны бір Блэк деген адамға таныстырды.

Жоғарыдағы мысалдардан аударма барысында артикльдың лексикалық, кейде грамматикалық мағынасына мән бермеу мазмұнды беруде толық және анық емес аудармаға әкелері сөзсіз екенін байқауға болады.

Басқа қиындыққа кең таралған грамматикалық тәсіл, яғни сөз таптарын ауыстыру мәселесін келтіруге болады. Бұндай ауыстырулар ағылшын және қазақ тілдерінде сөздердің қолдану түрлілігі мен түрлі нормалардың сәйкессіздігінен туындайды. Ал, кей жағдайларда қазақ тілінде сәйкес мағынасы жоқ сөз таптардың қолданылуы да мүмкін. Осындай трансформацияға жиі зат есім ұшырайды. Мысалы:

You give me **food** and **drink** and I'll tell you how to sail the ship.

(R.L.Stevenson. Treasure Island)

Сендер мені **тамақтандырынып, сусындандырыңдар**, ал мен сендерге кемені қалай басқару керектігін айтамын.

After **takeoff** there would be no time for anything but work. (A.Hailey. Airport)

Ұшқаннан кейін жұмыстан басқа ештемеге уақыт болмас еді.

Аудармада мағыналық және экспрессивті эквиваленттілікті сақтау үшін сөйлемнің синтактикалық құрылымының өзгеруіне әкелетін сөз таптарын өзгертуге тура келеді.

Аудармадағы тағы бір өзекті мәселеге ағылшын тілінде жиі қолданылатын пассивті немесе ырықсыз етісті сөйлемдерді жатқызуға болады. Ағылшын тілінде бұл сөйлемдерде *by* предлогы қолданылып, жақсыз сөйлем болып табылады, ал қазақ тіліне олар активті сөйлем болып аударылады. Мысалы:

He was met by his sister. Оны әпкесі күтіп алды.

The door was opened by a middle-aged woman. (S Maugham. A Casual Affair)

Есікті орта жастағы әйел ашты.

Әрбір тілдің даму заңдылықтарына байланысты грамматикалық құбылыстары, жалпы алғанда, басқа тілдің грамматикалық құбылыстарынан өзгеше болады, кейбір жеке жағдайлар бойынша ұқсастықтар да болуы мүмкін (мысалы, сөз таптарына бөлу; сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді ажырату кез келген тілдің грамматикаларында кездеседі).

Осыдан аударманың грамматикалық қиындықтары морфология немесе синтаксис саласында туындайды. Сондықтан аударманы зерттеуде тілдердің грамматикалық құрылымдарының айырмашылығын анықтаудың маңызы өте зор. Бұл айырмашылықтар әр тілдің ішкі ерекшеліктерінің нәтижесінде пайда болады.

Аударма түпнұсқаның грамматикалық құрылымын дәл жеткізуді мақсат етпесе де, кей жағдайларда түпнұсқаның жеке грамматикалық ерекшеліктері, мысалы, оның ықшамдылығы, сөз тіркестердің немесе сөйлемдердің құрылымындағы параллельдігі, қандай да бір сөз табының жиірек қолданылуы – осындай деректер нақты бір стилистикалық мақсатпен берілсе, аудармашының міндеті – осы белгілердің (ерекшеліктердің) қызметіне қарай аударылатын тілде сай келетін тілдік құралдарды іздеп табу.

Бұл тұста мына жағдайларды ескеру қажет:

1) әр тілдің өзіндік грамматикалық ерекшеліктері әрдайым шектеулі;

2) мұндай құбылыстарды аударғанда белгілі бір тұрақты ереже жоқ, сондықтан бірнеше аударма мүмкіндіктерінің ішінен ізденуге болады; аударма нұсқасын таңдау түпнұсқадағы сөйлемнің көрші сөйлемдермен арақатынасы, аударылатын мәтіннің жанры, түрі, стиліне байланысты.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Аудармашыға көмек// Астана – 2005, 63-69 бб
2. Апполова М.А.//Specific English – 1997, 47-58 бб
3. Теория перевода//Алматы, 1998, 11-20 бб